



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (1)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т.29 (1)

- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ



ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2026. Т. 29 (1)



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhly
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2026. Vol. 29. Is. 1. Pp. 77–90
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>



ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_1_77-90

ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ИСЛАМНАН ӨЗГЕ ДІНИ ҰЙЫМДАР: СОВЕТТІК КЕЗЕҢ ТӘЖІРИБЕСІ (1960–1980 жж.)

Талғат Жолдасұлы¹, Аякөз Бақытбекқызы Досым²

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Университеті
(29А-үй, Әйтеке би көшесі, 120000 Қызылорда, Қазақстан Республикасы)
Аға оқытушы, PhD
<https://orcid.org/0000-0002-0976-6075>. e-mail: zholdassuly2018@gmail.com

²Қорқыт Ата атындағы Қызылорда Университеті
(29А-үй, Әйтеке би көшесі, 120000 Қызылорда, Қазақстан Республикасы)
«Тарих және археология» БББ-ның магистранты
<https://orcid.org/0009-0006-2836-9856>. e-mail: aagozdosym@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Жолдасұлы Т., Досым А.Б., 2026

Аңдатпа. *Kіріспе.* Советтік кезеңде жүргізілген мемлекеттік діни саясат қоғамның рухани өміріне терең ықпал етті. Атеистік идеологияға негізделген бұл саясат діннің қоғамдық рөлін шектеуге, діни институттарды әлсіретуге бағытталды. Аталған үдерістер Қазақстанның аймақтарында өзіндік ерекшеліктермен жүзеге асырылды. Осы тұрғыдан алғанда, Қызылорда облысындағы діни ахуалды зерттеу советтік діни саясаттың өңірлік қырларын ашуға мүмкіндік береді. *Мақсаттары мен міндеттері.* Мақаланың мақсаты – 1960–1980 жылдар аралығында Қызылорда облысында исламнан өзге діни ұйымдардың қызмет ету тетіктерін, құқықтық мәртебесін және олардың советтік мемлекеттік діни саясат аясындағы жағдайын айқындау. Зерттеу міндеттері совет мемлекетінің діни саясатының заңнамалық негіздерін талдауды, Қызылорда облысында дінге қарсы күрестің қолданылған түрлері мен әдістерін көрсетуді, ХХ ғасырдың екінші жартысындағы аймақтағы діни ахуалды сипаттауды, православтық, католик, протестант және иудаистік діни бірлестіктердің жергілікті халық өміріндегі рөлін анықтауды қамтыды. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеудің деректік негізін Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві мен Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві қорларында сақталған құжаттар құрайды. Сонымен қатар тақырып бойынша отандық және ресейлік ғалымдардың ғылыми еңбектері пайдаланылды. Зерттеу барысында тарихи-ғылыми талдау, салыстырмалы зерттеу, жүйелеу және деректерді сыни тұрғыда сараптау әдістері қолданылды. Бұл әдістер советтік кезеңдегі аймақтық діни саясаттың ерекшеліктерін кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік береді. *Нәтижелер.* Зерттеу нәтижелері Қызылорда облысында советтік діни саясаттың қатаң түрде жүзеге асырылғанын көрсетеді. Аймақта шіркеулер мен діни ұйымдардың жабылуы, діни қызметкерлердің қудалануы және кең көлемде жүргізілген атеистік насихат діни өмірдің шектелуіне әкелді. Әсіресе Н. Хрущевтің «дінге қарсы науқаны» кезеңінде үгіт-насихат жұмыстары күшейтіліп, діни бірлестіктердің қызметі барынша шектелді. Соған қарамастан,

тұрғындардың белгілі бір бөлігі өз наным-сенімдерін жасырын түрде сақтап, діни дәстүрлерді бейресми деңгейде жалғастырды. Православтық және иудаистік қауымдар шектеулі жағдайда болса да қызметін тоқтатпады. *Қорытынды.* Мақаланың ғылыми жаңалығы советтік кезеңде Қызылорда облысындағы діни ахуалдың аймақтық ерекшеліктерін кешенді түрде талдауымен айқындалады. Зерттеуде мемлекеттік атеистік идеология жағдайында діни сенімдердің жойылмай, жасырын формада сақталу тетіктері нақты архивтік деректер негізінде көрсетілді.

Түйін сөздер: Советтік Қазақстан, Қызылорда, атеистік саясат, өзге діндер, православ шіркеуі, діни ахуал, идеология, діни институттар.

Дәйексөз үшін: Жолдасұлы Т., Досым А.Б. Қызылордадағы исламнан өзге діни ұйымдар: советтік кезең тәжірибесі (1960–1980 жж.) // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 1. 77–90-бб.[қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_77-90

НЕИСЛАМСКИЕ РЕЛИГИОЗНЫЕ ОРГАНИЗАЦИИ В КЫЗЫЛОРДЕ: ОПЫТ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА (1960–1980 ГГ.)

Талгат Жолдасұлы¹, Аякоз Досым²

¹Қызылординский университет имени Коркыт Ата
(дом 29А, улица Айтеке би, 120000 Кызылорда, Республика Казахстан)
Старший преподаватель, PhD
<https://orcid.org/0000-0002-0976-6075>. e-mail: zholdassuly2018@gmail.com

²Қызылординский университет имени Коркыт Ата
(дом 29А, улица Айтеке би, 120000 Кызылорда, Республика Казахстан)
магистрант образовательной программы «История и археология»
<https://orcid.org/0009-0006-2836-9856>. e-mail: aagozdosym@gmail.com

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Жолдасұлы Т., Досым А.Б., 2026

Аннотация. *Введение.* В советский период проводимая государственная религиозная политика оказала глубокое влияние на духовную жизнь общества. Основанная на атеистической идеологии, данная политика была направлена на ограничение общественной роли религии и ослабление религиозных институтов. Указанные процессы реализовывались в регионах Казахстана с учетом их специфических особенностей. В этом контексте изучение религиозной ситуации в Кызылординской области позволяет выявить региональные аспекты советской религиозной политики. *Цель и задачи.* Цель статьи – выявить механизмы функционирования и правовой статус религиозных организаций, не относящихся к исламу, в Кызылординской области в 1960–1980-е годы, а также определить их положение в рамках государственной религиозной политики советского периода. Задачи исследования включали анализ законодательных основ религиозной политики советского государства, выявление форм и методов антирелигиозной борьбы, применявшихся в Кызылординской области, характеристику религиозной ситуации в регионе во второй половине XX века, а также определение роли православных, католических, протестантских и иудейских религиозных объединений в жизни местного населения. *Материалы и методы.* Источниковую базу исследования составляют документы, хранящиеся в фондах Кызылординского областного государственного архива и Центрального государственного архива Республики Казахстан. Кроме того, были использованы научные труды отечественных и российских ученых по данной теме. В ходе исследования применялись методы историко-научного анализа, сравнительного исследования, систематизации и критического анализа источников. Эти методы позволили комплексно рассмотреть особенности региональной религиозной политики в советский период. *Результаты.* Результаты исследования показывают, что в Кызылординской области советская религиозная политика осуществлялась в жесткой форме. Закрытие церквей и религиозных организаций, преследование духовенства и широкомасштабная атеистическая пропаганда привели к существенному ограничению религиозной жизни в регионе. Особенно усилилась агитационно-пропагандистская деятельность в период «антирелигиозной кампании» Н. Хрущева, когда деятельность религиозных объединений

была максимально ограничена. Несмотря на это, определенная часть населения продолжала сохранять свои религиозные убеждения в скрытой форме и поддерживать религиозные традиции на неофициальном уровне. Православные и иудейские общины, хотя и в ограниченных условиях, не прекратили свою деятельность. *Заключение.* Научная новизна статьи определяется комплексным анализом региональных особенностей религиозной ситуации в Кызылординской области в советский период. В исследовании на основе конкретных архивных данных показаны механизмы сохранения религиозных верований в условиях господства государственной атеистической идеологии.

Ключевые слова: Советский Казахстан, Кызылорда, атеистическая политика, другие религии, православная церковь, религиозная ситуация, идеология, религиозные институты.

Для цитирования: Жолдасулы Т., Досым А.Б. Неисламские религиозные организации в Кызылорде: опыт советского периода (1960–1980 гг.) // Отан тарихы. 2026. Т. 29. №.1. С. 77–90. [на казахском]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_77-90

NON-ISLAMIC RELIGIOUS ORGANIZATIONS IN KYZYLORDA: THE SOVIET PERIOD EXPERIENCE (1960–1980)

Talgat Zholdassuly¹, Ayakoz Dossym²

¹ Korkyt Ata Kyzylorda University
(29A, Aiteke bi Street, 120000 Kyzylorda, Republic of Kazakhstan)
Senior Lecturer, PhD
<https://orcid.org/0000-0002-0976-6075>. e-mail: zholdassuly2018@gmail.com

² Korkyt Ata Kyzylorda University
(29A, Aiteke bi Street, 120000 Kyzylorda, Republic of Kazakhstan)
Master's student of the Educational Program "History and Archaeology"
<https://orcid.org/0009-0006-2836-9856>. e-mail: aagozdossym@gmail.com

© Valikhanov IHE, 2025

© Zholdassuly T., Dossym A.B., 2026

Abstract. Introduction. The state religious policy implemented during the Soviet period had a profound impact on the spiritual life of society. Based on atheistic ideology, this policy was aimed at limiting the public role of religion and weakening religious institutions. These processes were carried out in the regions of Kazakhstan with their own specific characteristics. In this context, the study of the religious situation in the Kyzylorda region makes it possible to reveal the regional aspects of Soviet religious policy. *Objectives.* The aim of the article is to identify the mechanisms of functioning and the legal status of non-Islamic religious organizations in the Kyzylorda region from the 1960s to the 1980s, as well as to determine their position within the framework of Soviet state religious policy. The research objectives include analysis of the legislative foundations of the Soviet state's religious policy, identifying the forms and methods of anti-religious campaigns applied in the Kyzylorda region, overview of the religious situation in the region in the second half of the twentieth century, and establishing the role of Orthodox, Catholic, Protestant, and Jewish religious associations in the life of the local population. *Materials and Methods.* The source base of the study consists of documents stored in the collections of the Kyzylorda Regional State Archive and the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. In addition, scientific works by Kazakhstani and Russian scholars on the topic were used. The study employed methods of historical and scholarly analysis, comparative research, systematization, and critical evaluation of sources. These methods make it possible to comprehensively examine the specific features of regional religious policy during the Soviet period. *Results.* The research findings indicate that Soviet religious policy in the Kyzylorda region was implemented in a strict manner. The closure of churches and religious organizations, persecution of clergy, and large-scale atheistic propaganda led to significant restrictions on religious life in the region. Propaganda activities intensified especially during N. Khrushchev's "anti-religious campaign," when the activities of religious associations were maximally limited. Despite this, a certain part of the population continued to preserve their religious beliefs in a concealed form and maintained religious traditions at an informal level. Orthodox and Jewish communities, although operating under restricted conditions, did not cease their activities.

Conclusion. The scientific novelty of the article is determined by a comprehensive analysis of the regional characteristics of the religious situation in the Kyzylorda region during the Soviet period. Based on specific archival materials, the study demonstrates the mechanisms through which religious beliefs were preserved in concealed forms under the conditions of a dominant state atheistic ideology.

Keywords: Soviet Kazakhstan, Kyzylorda, atheistic policy, non-Islamic religions, Orthodox Church, religious situation, ideology, religious institutions.

For citation: Zholdassuly T., Dosym A.B. Non-islamic religious organizations in Kyzylorda: the soviet period experience (1960–1980) // Otan Tarihy. 2026. Vol. 29. № 1. Pp. 77–90. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_77-90

Кіріспе. Советтік дәуірдегі дін саясаты Қазақстанның барлық аймақтарындағы діни институттардың дамуына түбегейлі ықпал еткен факторлардың бірі болды. Социалистік мемлекет атеистік идеологияны негізгі қағида ретінде қабылдап, дінді қоғамнан ығыстыруды ұзақ мерзімді саяси мақсат ретінде айқындады. Бұл ретте дін тек сенім саласы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік қатынастардың, мәдени дәстүрлердің және этникалық ұқсастықтың маңызды құрамдас бөлігі болғандықтан, советтік биліктің дінді шектеу саясаты қоғамдық өмірдің көптеген салаларына әсерін тигізді. Қазақстан аумағында ислам діни тарихи жағынан басым болғанымен, XX ғасырдың басынан бастап, әсіресе советтік кезеңде, православие, католицизм, протестанттық бағыттар, лютерандық және старообрядтық қауымдар сияқты исламнан өзге діни ұйымдар да қоғамда тұрақты түрде қызмет етіп келді.

Қызылорда өңірі бұл тұрғыда ерекше зерттеуді талап ететін аймақ болып саналады. Себебі, мұнда тарихи тұрғыдан мұсылмандық орта басым болғанымен, XIX-XX ғасырларда әртүрлі этномәдени топтардың қоныс аударуы нәтижесінде өңірдің діни құрылымы күрделене түсті. Әсіресе Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде облыс аумағына қоныс аударған орыс, украин, беларус, неміс және поляк тектес тұрғындар православ, лютеран және протестанттық діни қауымдардың қалыптасуына алғышарт жасады. Осылайша, Қызылорда облысындағы діни ахуал советтік исламмен қатар көпконфессионалды сипат алды. Зерттеу тақырыбының өзектілігі совет кезеңіндегі Қызылорда өңірінің көпконфессионалды діни кеңістігін тарихи тұрғыдан қайта бағалау қажеттілігімен айқындалады. Егер советтік құжаттарда аталған діни топтар көбіне «антисоветтік» немесе «деструктивті» секта ретінде сипатталса, қазіргі тарих ғылымы олардың әлеуметтік-мәдени рөлін бейтарап және объективті тұрғыдан зерделеуді талап етеді. Осыған сәйкес, бұл зерттеу аймақтағы исламнан тыс діни ұйымдардың советтік саясат жағдайындағы өмір сүру ерекшеліктерін, олардың бейімделу стратегияларын, қоғаммен байланыс формаларын анықтауға бағытталады.

1943 жылы құрылған Діни істер жөніндегі совет арқылы советтік билік Қызылорда өңірінде діни ұйымдарды қатаң бақылауда ұстап, ресми есептерде тіркелмеген діни топтардың жоқ екендігін көрсеткенімен, архив деректері кейбір протестанттық және старообрядтық қауымдардың жасырын түрде қызмет еткенін айғақтайды, бұл есеп берудің формалды әрі идеологиялық сипатын көрсетеді. Өңірдегі діни ұйымдардың қызметінде советтік биліктің идеологиялық қысымына бейімделу стратегиялары айқын байқалды. Бірқатар қауымдар мемлекетпен ашық қарсыластыққа бармай, заң шеңберінен шықпауға тырысты. Мысалы, православ шіркеулері діни ғұрыптарды жүргізумен қатар, көбінесе шаруашылық қызметін күшейтуге, шіркеу советтері арқылы өзін-өзі басқару жүйесін реттеуге көңіл бөлді. Ал баптистік немесе евангелистік христиандық бағыттағы қауымдар шағын топтар түрінде отбасылық деңгейде жиналыстар өткізу арқылы бақылаудан тыс қалуға тырысты. Кей жағдайларда қауым жетекшілері мемлекетпен ымыраға келудің дін ұстанушылар үшін қауіпсіз екенін діни уағыз барысында түсіндіріп отырды.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысының деректік базасын Қазақстан Республикасы архивтерінің қорларындағы құжаттар құрайды. Дәлірек айтқанда, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің (ҚР ОМА) 2079-қоры (ССРО Министрлер кеңесі жанындағы Қазақ ССР-і бойынша Дін істері жөніндегі уәкілетті кеңес, 1966-1974), Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінің (ҚОМА) Р-808-қорының (ССРО Министрлер кеңесі жанындағы Қызылорда облысы бойынша Дін істері жөніндегі Уәкілетті кеңес) материалдары қолданылды. Оның ішінде 1960-1991 жылдар аралығындағы облыстық партия ұйымы, атқару комитеті, ішкі істер және мәдениет бөлімдерінің қорларындағы материалдар пайдаланылды. Бұл құжаттарда аймақтағы діни ұйымдардың тіркелуі, олардың қызметін шектеу, дін қызметкерлерінің есепке алынуы және атеистік насихат жұмыстары туралы нақты деректер қамтылған. Бұдан өзге, зерттеу барысында советтік

идеологиялық саясаттың қоғамдық санаға әсерін анықтау мақсатында сол кезеңнің мерзімді баспасөз материалдары («Ленин жолы» газеті, аудандық басылымдар) пайдаланылды. Сонымен қатар, зерттеу барысында советтік дін саясатына қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері қосымша дерек ретінде қолданылды. Атап айтқанда, Л.А. Бургарттың «Из истории католической веры и церкви в Казахстане» [Бургарт, 2012] атты еңбегі, З.Т. Тастанованың «История религий Казахстана» [Тастанов, 2012] және А.И. Артемьевтің «Свидетели Иеговы Казахстана и Средней Азии: историко-религиоведческий анализ» [Артемьев, 2010] атты еңбектері салыстырмалы талдау объектісі ретінде қарастырылды. Бұл еңбектер совет дәуіріндегі дін және мемлекет арасындағы қатынастардың теориялық негізін айқындауға алғышарт болды.

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, деректанулық, жүйелік және контенттік талдау әдістері қолданылды. Бұл әдістер Қызылорда өңіріндегі діни ұйымдардың дамуын басқа аймақтардағы үрдістермен салыстыруға, архив пен баспасөз материалдарының мазмұнын және идеологиялық бағытын саралауға, сондай-ақ советтік дін саясатын идеология, мәдениет және әкімшілік бақылау тұрғысынан кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік берді. Бұл әдіснамалық ұстанымдар зерттеліп отырған кезеңдегі Қызылорда өңіріндегі исламнан тыс діни ұйымдардың құқықтық мәртебесін, әлеуметтік жағдайын, советтік бақылау тетіктері ықпалындағы өмір сүру формаларын жан-жақты сипаттауға негіз болды.

Талқылау. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қызылорда өңіріндегі исламнан тыс діни ұйымдардың қызметі советтік биліктің идеологиялық және әкімшілік бақылау жағдайында өзіндік бейімделу үлгісін қалыптастырды. Совет өкіметінің негізгі ұстанымы дінді қоғамдық өмірден ығыстырып, атеистік сана қалыптастыру болды. Бұл саясат Қазақстанның барлық өңірлерінде біртіндеп жүргізілді, бірақ Қызылорда облысында ислам діни басым болғандықтан, православ, католик және протестанттық ұйымдарға қатысты бақылау мен шектеу ерекше қатаң сипат алды.

Бұл үдерісті архив деректері мен мерзімді баспасөз материалдары дәлелдейді. Мәселен, облыстық атқару комитетінің 1962 жылғы есебінде тіркелмеген діни жиналыстардың жиілегені және сенушілердің діни рәсімдерді «отбасылық деңгейде» өткізіп жүргені көрсетілген. Бұл діннің тек сенім ретінде емес, мәдени дәстүр мен күнделікті өмірдің бір бөлігі ретінде сақталғанын дәлелдейді. Т. Жолдасұлы мен Г. Байжанова [Жолдасұлы, Байжанова, 2022] зерттеуінде де осындай ахуал сипатталып, советтік дінге қарсы науқандардың толық нәтиже бермегені атап өтіледі.

К. Бодеевтің [Бодеев, 2020] зерттеулерінде, 1960 жылдары Қарағанды облысында атеистік семинарлардың белсенді жүргізілгені, партия органдарының діни ұйымдарды бақылауды күшейткені айтылады. Автор атап өткендей, идеологиялық комиссиялар дін қызметкерлерінің ықпалын әлсірету және халық арасында атеистік насихаттың сапасын арттыру бағытында қатаң шаралар қабылдаған. Бұл үрдіс Қызылорда өңіріне де тән болды. Архив материалдары көрсеткендей, дәл осы кезеңде Қызылордада да партия комитеттері бірнеше атеистік семинар өткізіп, дін өкілдерінің қызметін шектеу және халық арасындағы діни сенімнің таралуын азайтуға бағытталған бірқатар қаулылар қабылдаған. Яғни, К. Бодеев сипаттаған аймақтық жағдай жалпыодақтық саясаттың Қызылордадағы көрінісімен толық сәйкес келеді.

Советтік кезеңдегі діни саясатты талдау барысында Қызылорда облысындағы жағдайды Оңтүстік Қазақстан бойынша жүргізілген ғылыми зерттеулермен салыстыру аймақтық ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқын көрсетеді. Е. Жақсылық пен С. Ершахиннің [Zhakhsylyk, Ershahin, 2024] Оңтүстік Қазақстандағы 1940-1980 жылдардағы діни саясат туралы зерттеуі көрсеткендей, советтік билік бұл өңірлерде діни институттарды әлсіретуге бағытталған идеологиялық, заңнамалық және әкімшілік шараларды кешенді түрде жүзеге асырған. Авторлар атап өткендей, Оңтүстік Қазақстанда мешіттерді жабу, діни тұлғаларды қудалау, «қасиетті орындарға» баруды шектеу және діни ғұрыптарды бақылауға алу кеңінен қолданылған.

Қызылорда облысындағы православ қауымдарының діни өмірі негізінен орыс және украин тұрғындары арасында сақталып, советтік бақылау жағдайында жасырын сипат алды. Архив деректері діни рәсімдердің ашық түрде емес, тұрмыстық деңгейде және жеке кеңістікте өткізілгенін көрсетеді. Бұл жағдай Е. Рохожинскийдің [Rohozinski, 2024] Солтүстік Қазақстандағы тіркелмеген діни қозғалыстарды талдаған еңбегіндегі тұжырымдармен үйлеседі. Автор советтік билік дінді толық жоя алмағанымен, оны қоғамдық кеңістіктен ығыстырып, «жерасты мәдениетінің» құрамдас бөлігіне айналдырғанын атап өтеді.

Г.А. Алпыспаева [Алпыспаева, 2025] өз мақаласында 1940-1980 жылдары Қазақ ССР аумағында сектанттық деп аталған протестанттық, баптистік және адвентистік бағыттағы діни қауымдардың

советтік бақылау жағдайындағы өмірін сипаттайды. Зерттеуде бұл ұйымдардың ресми түрде тіркелмей, көбіне бейресми, жасырын түрде әрекет еткені, діни жиналыстардың жеке үйлерде өткені және сенушілердің мемлекет тарапынан қысым көргені нақты архив деректерімен дәлелденген. Мұндай құбылыс Қызылорда өңірінде де байқалды: облыстағы протестант және баптистік топтар өз діни қызметін қоғамнан жасырын атқарып, сенімін тұрмыстық деңгейде сақтауға тырысқан. Бұл құбылыс советтік биліктің дінге қатысты саясаты барлық жерде бірдей болмағанын, әр өңір жағдайға қарай өзінше бейімделгенін аңғартады.

Советтік биліктің дінге қарсы насихаты аймақтық баспасөз арқылы жүзеге асырылды. «Ленин жолы» газетінде жарияланған С. Жетпісбаевтың «Ғылыми-атеистік насихаттың пәрменділігі үшін» мақаласында дін «ескіліктің сарқыншағы», «артта қалушылық белгісі» ретінде сипатталды. Мұндай риторика сол дәуірдегі идеологиялық бағытқа сай келіп, қоғам санасында дінге деген теріс көзқарас қалыптастыруды көздеді. Алайда 1980 жылдардың соңына қарай қайта құру кезеңінің ықпалымен баспасөз беттерінде дінге қатысты бейтарап көзқарастар көріне бастады.

Е. Ивановтың [Иванов, 2025] зерттеуіне сәйкес, Қызылорда қаласындағы православ дін қызметкерлері советтік бақылау жағдайында өз қызметін шектеулі түрде жүргізген. Архив деректерінде, Қызылорда приходындағы священник Владимир Горлановтың діни белсенділік танытпағаны, приходты кеңейту немесе ғибадат үйін жаңарту жоспарларының болмағаны көрсетіледі. Зерттеуші бұл мысалды Қызылорда сияқты аймақтарда орыс-православ шіркеуінің қызметі бейресми әрі тұйық сипат алып, діни өмірдің тар шеңберде сақталғанын дәлелдейтін дерек ретінде бағалайды.

Жалпы алғанда, бірқатар зерттеушілер советтік діни саясаттың дінді толық жоюды емес, оның қоғамдық қызметін шектеуді көздегенін атап өтеді. Алайда, бұл тұжырымдар көбіне Қазақстанның басқа өңірлеріне немесе жалпыодақтық деңгейге қатысты айтылып, исламнан тыс діни қауымдардың аймақтық тәжірибесін нақты талдаумен толықтырыла бермейді. Дәлірек айтқанда, Т. Жолдасұлы мен Г.Н. Байжанованың зерттеулерінде дінге қарсы үгіт-насихат тек ислам дінінің шеңберінде ғана баяндалады, бірақ Қызылорда өңіріндегі өзге діни қауымдастықтар туралы, олардың діни жағдайы туралы қамтылмайды. Дәл осындай мазмұнда, Е. Жақсылық пен С. Ершахиннің зерттеу жұмысын алсақ болады, яғни, авторлардың зерттеуі бойынша Оңтүстік Қазақстан мысалында ислам дінін қудалау кеңінен жүргізілгенін көрсетеді. Осындай «қудалаудың» өзге діндерге де көрсетілгені және де Қызылорда өңірінде де орын алғаны баяндалмайды. Осы тұрғыдан алғанда, Қызылорда өңіріндегі православ, католик және протестант діни қауымдарының советтік бақылау жағдайында діни сенімдерін сақтап, дәстүрлерін қоғамға бейімделген формада жалғастыру ерекшеліктері осы зерттеу барысында айқындалды. Зерттеу нәтижелері арқылы советтік жүйенің қатаң идеологиялық шеңберінде де исламнан өзге діни қауымдардың рухани өмірі үзілмегенін және сенімнің мәдени-тарихи фактор ретінде өміршең болғанын Қызылорда мысалында дәлелдеуге болады.

Нәтижелер. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін атеизм мемлекеттік идеология дәрежесіне көтеріліп, саяси тәжірибенің құрамдас бөлігіне айналды. Сонымен бірге большевиктік идеологияның негізгі қағидалары православиелік дүниетаныммен айқын параллельдерге немесе ұқсас постулаттарға ие болды. 1918 жылы ұлттық уездерде өткен конференцияларда РК(б)П өзін «коммунизм идеясына сенушілердің рухани одағы» деп атап, ал бұл конференцияларды «коммунистік храмның жаңа тастары» ретінде сипаттағаны да айрықша назар аударарлық. Дүниетанымдық үлгілердің түбегейлі өзгеруі кейбір зерттеушілерге В.И. Ленинді діни типтегі революционер ретінде, большевиктік идеологияны ерекше, «дұрыс» дін ретінде, ал Қазан төңкерісін «терең діни қозғалыс» ретінде бағалауға негіз берді деуге болады [Козлов, 2017: 57].

Советтік діни культтер туралы заңнаманың негізін қалыптастыруда 1918 жылғы 23 қаңтарда В.И. Ленин қол қойған РСФСР Халық комиссарлары кеңесінің «Шіркеуді мемлекеттен және мектепті шіркеуден бөлу туралы» декреті маңызды рөл атқарды. Аталған декретте «әрбір азамат қандай да бір дінді ұстануға немесе ешқандай дінді ұстанбауға құқылы» екені атап көрсетілді. Осылайша, ар-ождан және діни сенім бостандығы ресми түрде жарияланып, ар-ождан еркіндігін шектеудің кез келген түріне, сондай-ақ адамның діни сеніміне байланысты артықшылық беретін шешімдер қабылдауға тыйым салынды. Басқаша айтқанда, азаматтардың діни сеніміне қарамастан, олардың барлығының теңдігі заң жүзінде бекітілді [Джунусбаева, Шамшиденова, Маликов, 2024: 5].

ССРО-да 1920-1930 жылдары дінге қарсы жаппай науқан ұйымдастырылып, оларды жүргізудің нақты тетіктері осы кезеңде қалыптасты. Бұл тәжірибе дінге қарсы кезекті ашық шабуылға көшу барысында ескерілді, алайда ол жаңа идеологиялық негізде және жаңа саяси жағдайларда жүзеге

асырылды. Бұрынғы және кейінгі саясаттың ұқсастығы орыс-православ шіркеуін қоғамдық маңызы бар институт ретінде жоюға ұмтылуында әрі оны елдің қоғамдық өмірінен ығыстыруға бағытталуында болды. 1930 жылдары дінді толықтай жою немесе елдегі діни сенімді түбегейлі құрту мақсаты ресми түрде жарияланбаған еді. Ал 1960 жылдардың басында бұл мақсат алғаш рет ашық түрде жарияланды деуге болады [Шкаровский, 1999: 10]. Осы жарияланымдарға дейін-ақ, 1930 жылдары дінге қарсы күрес ашық әрі жүйелі сипат алып, негізінен күштеу және зорлық-зомбылық әдістерімен жүргізілді. Беделді ишандар мен діни қайраткерлердің ағартушылық қызметі совет өкіметіне қарсы идеологиялық үгіт-насихат ретінде бағаланып, қудалауға ұшырады. Мұндай айыптаулар белгілі бір дәрежеде қоғамдық ахуалмен де астасып жатты. Ел ішінде совет билігіне деген терең сенімсіздік қалыптасты: экономикалық қиындықтар мен дінге қарсы саясат түбінде совет өкіметін әлсіретіп, рухани дағдарысқа әкеледі деген түсінік тарады. Бұл көзқарас бірқатар қарсылық әрекеттеріне ұласты. Мәселен, 1926-1927 жылдары бұқаралық сипаттағы 63 қарсы іс-қимыл тіркелсе, 1928 жылы олардың саны 709-ға, 1929 жылы 1190-ға жетті. Ал 1930 жылдың наурыз айына дейін Қазақстан аумағында 3104 адам қамауға алынған [Айталы, 2020: 116].

XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы зобалаң дінбасылармен қатар діни ұйымдарды да қырғынға ұшыратты. Ал Екінші дүниежүзілік соғыс басталып, әлі де болса, одақтас елдер тарапынан көмек көрсетілмей отырған шақта, ішкі ресурстардың барлығын жауға қарсы жұмылдыруды көздеген совет өкіметі дін, діни ұйымдармен діндарларға жеңілдіктер жасай бастады [Бодеев, 2018: 56]. Соғыс діни сенушілерге діни салада белгілі бір дәрежеде еркіндік беруге ықпал етті. Егер соғыс жағдайы болмағанда, сенушілердің ахуалы мен оларға қатысты саясаттың қандай боларын болжау қиын еді. Соғыс және сенушілермен күрестің «пайдасыздығы» (өйткені ол кей жағдайда кері нәтиже берген) кем дегенде Сталин билігі кезеңінде діни өкілдерге қарсы күресті тоқтатуға себеп болды. 1946 жылдың 28 қаңтарында «Діни қауымдардың ғибадат орындары туралы» қаулы қабылданып, соған сәйкес жергілікті билік органдарына діни ұйымдарды бақылаусыз түрде жабуға тыйым салынды. Соған сай 1948 жылы Қазақ ССР аумағында тіркелген 30 мешіт болды. Бірақ 1950 жылдардың басында олардың саны 20-ға дейін қысқартылды [Мустафаева, 2012: 33].

1960 жылдары ССРО-да Н.С. Хрущёвтің бастамасымен дінге қарсы науқан кең ауқымда жүргізіле бастады. Бұл науқанның басты мақсаты советтік қоғамнан діни сана мен сенім қалдықтарын жою, оның орнына маркстік-лениндік дүниетанымды орнықтыру болды. 1958-1964 жылдар аралығында қабылданған бірқатар маңызды құжаттар діннің қоғамдағы ықпалын әлсіретуге бағытталды. Атап айтқанда, 1954 жылғы «Ғылыми-атеистік насихатты жетілдіру туралы» қаулы, 1958 жылғы «Ғылыми-атеистік насихаттағы кемшіліктер туралы» құпия шешім, 1958 жылғы «ССРО-дағы монастырлар туралы» қаулы және «Епархиялық кәсіпорындар мен монастырлардың табысына салынатын салықты арттыру туралы» атты шешімдер арқылы діни ұйымдарға қысым жасалып, олардың қызметін шектеу саясаты заңды түрде бекітілді [Михайлович, 2019: 71].

Совет билігі дінді қоғамның дамуына кедергі келтіретін «ескі сананың қалдығы» деп есептеп, атеистік тәрбиені күшейтті. Мектептер мен жоғары оқу орындарында ғылыми-атеистік сабақтар енгізілді, бұқаралық ақпарат құралдарында дінге қарсы мақалалар, фильмдер мен дәрістер жиі жарияланды. Осы саясаттың ықпалы Қазақ ССР-інде, соның ішінде Қызылорда облысында да айқын сезілді. Өңірдегі барлық діни ұйымдар жергілікті партия комитеттері мен атқару органдарының қатаң бақылауында болды. Дін өкілдері мен мешіттер қызметі арнайы тіркеуден өтуге тиіс еді, ал тіркелмеген діни топтардың әрекеті заңсыз деп танылды.

Дінге сенушілердің басым бөлігін қазақ халқы құрап, олар негізінен ислам дінін ұстанды. Сонымен бірге, аймақтың этникалық құрамының алуан түрлі болуына байланысты өзге діни бағыттар да сақталды. Атап айтқанда, орыс және украин тұрғындары арасында православие діні кең таралса, неміс және поляк қоныс аударушылары католицизмді ұстанды. Кәріс ұлт өкілдері арасында протестанттық бағыттар, соның ішінде баптизм мен «пятидесятники» қозғалысы таралған болатын. Одан бөлек иудей қауымдастығы да өз дәстүрлерін сақтап келді.

1958-1959 жылдары Қазақстан аумағында дін қызметкерлерін тіркеу шектеулі санатпен жүзеге аса бастады. Бұл советтік биліктің діни кадр саясаты тұрақты қадағалау мен әкімшілік қысымға негізделгенін көрсетеді. Мұндай жағдай дін қызметкерлерінің қызметтік белсенділігіне де тікелей әсер етіп, олардың қоғамдық бастамалардан саналы түрде бас тартуына алып келді. Осындай жағдайды Қызылорда қаласындағы священник Владимир Горлановтың қызметінен анық байқауға болады. Ол уәкілетті орган өкілімен болған әңгімеде шіркеу қауымын көбейтуге немесе дұға үйін

қайта жөндеуге қызығушылық танытпайтынын, «өзінің де, жамағатының да осы жағдайға қанағаттанатынын» мәлімдеген [Иванов, 2025: 70].

Сол кезеңнен тағы бір мысал келтіретін болсақ, 1959 жылдың соңғы тоғыз ай ішінде шіркеу жиырмалығы бірнеше рет жиналыс өткізгенімен, оған тұрақты түрде шамамен 10-12 адам ғана қатысқаны туралы айтылған [ҚОМА. Қ. Р-808. Т. 1. І. 1. П. 17]. Бұл қатысушылар санының төмендігі қауым мүшелерінің ортақ іске бейжай қарағанын байқатады. Сонымен бірге «Свято-Казанский молитвенный дом» ғимаратында жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстары кезінде де белсенділік танытқан адамдар шектеулі болған. Осылайша, құжатта сипатталған жағдай діни қауымдардың советтік кезеңдегі ішкі өзара қатынасын, олардың өзін-өзі ұйымдастыру тетіктерін және материалдық-шаруашылық міндеттерді орындаудағы қиындықтарды айқын көрсетеді.

Осы ішкі әлсіздік пен формалды белсенділік жағдайы дін саласының сыртқы тұрғыдан толық мемлекеттік бақылауға алынуымен ұштасып жатты. Бір мәліметте 1960 жылы Қызылорда облысы бойынша тіркелмеген діни ұйымдардың болмағаны көрсетіледі [ҚОМА. Қ. Р-808. Т. 1. І. 3. П. 13]. Дегенмен, бейресми діни тәжірибелердің тұрмыстық деңгейде сақталып отырғаны байқалады. Оған қоса, архив мәліметтеріне сәйкес, 1960 жылы облыс аумағында төмендегі діни ұйымдар ресми тіркеуден өткен.

1-кесте. 1960 жылғы қаңтар айындағы Қызылорда облысындағы тіркелген діни ұйымдар мен культтік топтар туралы мәліметтер [ҚОМА. Қ. Р-808. Т. 1. І. 3. П. 3]

№	Діни бірлестіктердің атауы	Орналасқан аймағы	Сенушілер саны	Қай уақыттан бері істейді	Басқарушы туралы	Діни жоралғылар қайда өтеді	Қауымдардың қызметінің сипаттамасы
1	Православиялық ғибадат үйі	Қызылорда қаласы	Шіркеуге жексенбі күні 150-200 адам келеді	1947 жылы 13 қазан	Михаил Ромашко	Ғибадат үйі бар	Қауымның шіркеу советі, тексеру (ревизиялық) комиссиясы және «Дватцаток» қауымы бар
2	Қазақ мешіті	Қызылорда қаласы	Күніне 15-20	1946 жылы 30 мамыр	Бегманов Ходжак	Мұратбаев к-сі, 13 үй	Үнемі жұмыс жасайды
3	Иудей қауымы	Қызылорда қаласы	64	1938 жыл	Алимов Иосиф	Арнайы үйлер бар	Үнемі жұмыс жасайды

Советтік жүйеде діни ұйымдардың заңды әрекет етуі үшін арнайы тіркеуден өту міндеттелді. Қазақ ССР Министрлер советі жанындағы Діни культтер ісі жөніндегі кеңестің уәкілетті өкілдерінің (кейінгі Дін істері жөніндегі мемлекеттік комиссия) бақылауында тіркеусіз жұмыс істеу заңсыз деп танылып, жауапкершілікке тарту шаралары қолданылды. Мысалы, Қазақ ССР-індегі протестант топтар тек 1960-1970 жылдары ғана шектеулі түрде тіркеліп, аздаған ұйымы мемлекетке есеп беріп отырған.

Діни ұйымдарды бүге-шігесіне дейін қадағалау және билікке бағынышты ету мақсатында советтік партия әр түрлі деңгейдегі бақылау механизмдерін қолданды. Мысалы, дін қызметкері Ромашка Михаилдың Владык Иннокентийге жолдаған рапортында діни ұйым жиырмалығында бұрынғы 41 адамнан, тек 18 адамның жұмыс жасап жатқандығы туралы мәлімет берген [ҚОМА. Қ. Р-808. Т. 1. І. 1. П. 16]. Сол кезеңдегі біраз діни ұйымдардағы қызметкерлердің өз жұмыстарына бейқам қарағандары, салғырттық танытып, жұмысқа келмегендері туралы деректерден көптеп кездестіруге болады.

Жергілікті обком мен аудандық комитеттердің діни істері жөніндегі бөлімдері, сондай-ақ Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті (КГБ) қызметі діни қызметкерлер мен қауым мүшелерін тұрақты бақылауда ұстап, олардың «басшылыққа қарсы топтарға» қатысы жоқтығын тексеріп отырды. Мұндай қадағалау діни белсенділікті шектеумен қатар, діннің қоғамдық ықпалын әлсіретуге бағытталған кең ауқымды идеологиялық саясаттың бір бөлігі болды.

Мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты балалар мен жастарды атеистік рухта тәрбиелеу болды. Орталық партияның нұсқауына сәйкес, Қызылорда облысында мектеп мұғалімдері, комсомол жетекшілерімен қатар, жаратылыстану саласының өкілдері тартылған атеистік үйірмелер мен дәрістер жүйелі түрде ұйымдастырылды. Мәселен, 1963 жылы облыста 579 ұжымдық дәріс өткізіліп, атеистік насихат жұмысына 27 дәрігер, 26 физика-математика маманы, 11 географ және 38 биолог жұмылдырылған [Олешук, 1962: 3]. Барлық мектептер мен пионер лагерьлерде совет идеологиясын насихаттайтын сабақтар мен көрмелер ашылып, газеттерде діни сенімдердің «кемшілігі» мен коммунистік атеизм артықшылығы туралы жүздеген мақалалар жарық көрді. Бұл шаралардың барлығы жастарды ерте кезден партия идеологиясына бағындырып, діни ықпалдан арылтуға бағытталған еді.

1960 жылдардан бастап советтік атеистік саясаттың маңызды бағыттарының бірі қоғамдық өмірде сақталып келе жатқан діни салттар мен дәстүрлерді азаматтық мазмұндағы рәсімдермен ауыстыру болды. Бұл үрдіс отбасы-адамгершілік қатынастарын жаңаша социалистік негізде қалыптастыру міндеттерімен ұштастырылды. Христиандық конфессияларда орын алатын шоқындыру рәсімінің орнына діни элементтерден ада, азаматтық сипаттағы салтанатты шара енгізу ұсынылды. Мұндай шаралар қалалық, аудандық және ауылдық мәдениет үйлерінде ұйымдастырылып, онда жергілікті совет органдарының өкілдері, соғыс ардагерлері, еңбек озаттары, мұғалімдер және қоғамдық белсенділер жас отбасыларға баланы коммунистік қоғамның белсенді мүшесі ретінде тәрбиелеу жөнінде тілектерін білдіруі тиіс болды [Александрович, 2024: 203]. Аталған азаматтық рәсім иудей қауымына және ислам діндеріне тән есім беру мен сүндеттеу дәстүрлерін де алмастыру құралы ретінде қарастырылды. Сонымен қатар, туу туралы куәлікті ата-аналарға мерекелік безендірілген арнайы мұқабада, оның ішінде Совет Одағы коммунистік партиясы (СОКП) бағдарламасынан алынған тәрбиелік бағыттағы үзінділермен бірге ұсыну алға тартылды. Мұндай шаралар советтік биліктің діни салттарды тұрмыстық кеңістіктен ығыстырып, олардың орнына зайырлы, идеологиялық мазмұндағы рәсімдерді енгізуге бағытталған кешенді саясатының бір бөлігі болды.

Жалпы атеистік саясаттың өңірлік деңгейдегі нақты көрінісі 1963-1964 жылдарға қатысты архив деректерінен айқын байқалады. Атап айтқанда, Қызылорда облысында православ діни ұйымдарының қызметі жүйелі түрде шектеліп, Жаңақазалыдағы православ қауымын тіркеуден өткізуден бас тарту арқылы оның ұйым ретінде дамуы толық тоқтатылды. Сонымен бірге шіркеу мүлкін жергілікті кеңестерге беру туралы шешім діни бірлестіктердің материалдық негізін жоюға бағытталған саяси тетік ретінде қолданылды. Мұндай жағдайда тіпті ресми діни қоғамның өзі советтік бақылау жағдайында құқықтық және ұйымдастырушылық тәуелсіздігін сақтай алмады [ҚОМА. Қ. Р-808. Т. 1. І. 5. П. 77-78].

Совет идеологиясының одан әрі бір тармағы діни ағымдарды «секталар» қатарында қарастыру болды. Мысалы, кейбір христиандық бағыттағы ағымдар тиым салынған ұйымдарға теңесті. Бұл топтардың қимылын қатаң бақылау үшін КГБ қызметкерлері арнайы партия кураторларымен бірлесе отырып, көп жағдайда оларды жаппай ұстап, іс қозғалғанға дейін қысым көрсетіп отырды. Жалпы, қатаң қадағалау жағдайында діни қауымдар қатты қысым көріп, еркіндігі мүлдем шектелді. Сол іспеттес оқиғалар Қызылорда аумағында тіркелген еді. 1964 жылғы Қызылорда облысы бойынша Дін істері жөніндегі уәкілдің есебінде, өңір аумағында ресми тіркеуден өтпестен, жасырын діни қызмет жүргізген бірнеше «сектаның» бар екені көрсетіледі. Құжатта лютерандық, старообрядтық және евангелистік христиан-баптистік (ЕХБ) топтардың, сондай-ақ жергілікті мұсылман жамағаттарының бір бөлігінің «заңсыз діни жиналыстар» өткізгені атап көрсетілген [ҚОМА. Қ. Р-808. Т. 1. І. 6. П. 43]. Советтік заңнамаға сәйкес, кез келген діни бірлестік мемлекет органдарында тіркелмейінше өз қызметін ашық жүргізе алмайтындықтан, аталған қауымдар «заңсыз» діни топ ретінде бағаланды.

1965 жылы діни бірлестіктердің әрекетін тексеру барысында облыс аумағында заңсыз қызмет атқарған алты топ анықталған. Аталған топтардың көпшілігі шіркеулерде емес, жасырын түрде жеке үйлерде жиналып отырған [ҚОМА. Қ. Р-808. Т. 1(қосымша). І. 3]. Бұл жағдай советтік биліктің атеистік саясаты нәтижесінде діни өмірдің ашық қоғамдық кеңістіктен ығыстырылып, тұрмыстық әрі жасырын сипат алғанын көрсетеді. Жалпы осы үрдістің аймақтық көрінісі ретінде Шиелі ауылында евангелистік христиан-баптистердің жасырын қауымының әрекет еткені жөнінде архивтік мәліметтер келтіріледі. Құжатта аталған қауымның белсенді мүшелері – Кушейко Лука Алексеевич (1899 ж.т.), Квасинин Михаил Иванович (1902 ж.т.) және Франц Иванович (1904 ж.т.) бұрын «антисоветтік» деп бағаланған әрекеттері үшін сотталған адам ретінде сипатталған [ҚОМА. Қ. Р-808. Т. 1(қосымша). І. 3].

П. 18]. Мұндай айыптаулар советтік құжаттарда діни сенушілерді саяси тұрғыдан қауіпті топ ретінде көрсету және олардың қызметін заңсыз деп тану үшін жүйелі түрде қолданылғанын көрсетеді.

Архив деректері бойынша, 1966 жылы Қызылорда облысы аумағында барлығы 10 діни бірлестік әрекет еткен, оның ішінде 4 діни ұйым ресми тіркеліп, қалғандары жасырын түрде қызмет жүргізген. Ресми тіркелген діни бірлестіктер қатарында: Қызылорда қаласындағы мұсылман мешіті (1947 жылы ашылған), Қызылорда қаласындағы орыс-православ шіркеуі (1948 жылы ресми тіркеуден өткен), Қызылорда қаласындағы иудей қауымы (1948 жылдың 17 қаңтарында тіркелген) [ҚР ОМА. Қ. 2079. Т. 1. І. 3. П. 112]. Есеп материалдарында жалпы қауымдардың жетекшілерімен түсіндіру әңгімелерінің жүргізілгенін және оларға қызметін тоқтату немесе мемлекеттік тіркеуден өту туралы ресми ескерту жасалғаны айғақталады.

Бұл жағдайдың уақыт өте өзгермегенін 1968 жылғы деректер де дәлелдейді. Аталған жылы Қызылорда облысында 10 діни бірлестік жұмыс істеп, олардың тек төртеуі ғана ресми тіркелген күйінде қалған, ал алтауы жасырын түрде қызметін жалғастырған. Тіркелмеген топтардың қатарында евангелистік христиан-баптистер, молокандар, старообрядшылар және жекелеген мұсылман қауымдары болған [ҚОМА. Қ. Р-808. Т. 1. І. 9. П. 7].

2-кесте. Секта қауымдары (Қазақстан облыстары бойынша, 1970-1980 жж.) [Алпыспаева, 2025: 128]

Облыстар	Католиктер	Лютеран дар	ЕХБ	«Пятидесятни ктер»	АС Д	Менонитт ер	Иеговисте р	Т.б.
Алматы	5 / 166	11 / 561	18 / 1196	8 / 183	6 / 189	1 / 36	4 / 328	—
Шығыс Қазақстан	1 / 12	9 / 187	10 / 380	2 / 21	3 / 126	—	1 / 26	5 / 140
Жезқазған	1 / 60	4 / 350	15 / 1050	—	1 / 18	—	1 / 12	—
Қарағанды	1 / 1600	9 / 2560	12 / 2800	7 / 850	1 / 108	3 / 1590	5 / 55	1 / 85
Қызылорда	—	1 / 12	2 / 49	—	1 / 24	1 / 19	—	1 / 50
Көкшетау	—	6 / 112	16 / 792	6 / 112	1 / 66	5 / 172	1 / 8	—
Қостанай	2 / 124	9 / 244	11 / 877	3 / 70	4 / 60	—	2 / 99	—
Солтүстік Қазақстан	5 / 244	12 / 256	19 / 225	7 / 128	3 / 24	—	1 / 8	4 / 35
Семей	1 / 83	14 / 398	9 / 597	4 / 90	4 / 118	3 / 41	—	3 / мәлі мет жоқ

Кестедегі деректер өңірде секталық ұйымдарға қатысушылар санының салыстырмалы түрде аз болғанын көрсетеді. Бұл жағдай Қызылорда облысында неміс, поляк және славян халықтарының аз қоныстануымен тікелей байланысты еді. Дегенмен, сандық көрсеткіштердің төмендігіне қарамастан, исламнан өзге діни қауымдардың қызметі толық тоқтатылмады, керісінше, олардың қызметі әкімшілік бақылау аясында шектеулі түрде жалғасын тапты. Осыны 1971 жылы Қызылорда қаласындағы орыс-православ шіркеуінің ғибадат үйін кеңейтуге қатысты өтініштің қанағаттандырылмауы да дәлелдейді. Дін істері жөніндегі совет өтінішті сенушілер санының аздығымен және құрылыс қажеттілігінің жоқтығымен негіздегенімен, құжат мазмұны діни ұйымдардың дамуына әдейі әкімшілік кедергілер қойылғанын аңғартады [ҚОМА. Қ. Р-808. Т. 1. І. 16. П. 42]. Бұған қоса, ғибадат үйі 1950 жылдан кейін ресми тіркеуден өтпесе де, қауым мүшелері діни жиналыстарын үзбей жалғастырып отырған. Бұл дерек советтік кезеңде Қызылордадағы православ қауымының діни өмірі шектеулі жағдайда болса да, толық жойылмағанын көрсетеді.

1970 жылдары Қызылорда облысында дінге қарсы идеологиялық жұмыс жүйелі түрде жүргізілген болатын. 1971 жылғы аудандық Дін істері жөніндегі комиссияның есептік баяндамасында, жергілікті тұрғындар арасында діни әдет-ғұрыптардың әлі де сақталып отырғаны

атап өтіледі. Әсіресе жерлеу, неке қию, мерекелік діни рәсімдер тұрмыстық деңгейде жалғаса берген. Осыған байланысты комиссия «ескі діни салттарды» ығыстыру мақсатында жаңа зайырлы рәсімдер енгізуді (музыкамен шығарып салу, гүл шоқтарын қою, естелік сөз айту) және атеистік насихатты күшейтуді талап етті. Есеп бойынша, 1971 жылы халық арасында 200-ден астам атеистік дәрістер мен әңгімелер өткізіліп, дін мәселесін «қоғамдық қалдық» ретінде таныту жұмысы белсенді жүргізілген [ҚОМА. Қ. Р-808. Т. 1. І. 19. П. 23-24]. Соған қарамастан, діни дәстүрлер толық жойылып кеткен жоқ. Мәселен, советтік атеистік саясаттың қысымына қарамастан, мұсылман қауымы арасында ғасырлар бойы қалыптасқан ғұрыптар тұрмыстық деңгейде сақталып отырды. Солардың бірі мұсылмандар арасында ұл балаларды сүндетке отырғызу рәсімі жүргізілді. Дәстүрге сәйкес сүндеттеу 3 жастан 9 жасқа дейінгі тақ жылдары жасалып, көбінесе бес жас шамасында орындалатын. Алайда, егер бұрын сүндетке отырғызу мұсылман үшін міндетті діни рәсім болып саналса, 1970 жылдары оны орындамау немесе елеулі жағдайлары да кездесе бастады [Бекмағамбетова және т.б., 2022: 174]. Бұл советтік идеологиялық ықпалдың күнделікті өмірге біртіндеп әсер ете бастағанын аңғартатын.

1974 жылғы есептік құжаттарда, Қызылорда және Қазалы қалаларында ресми тіркеуден өтпеген евангелистік христиан-баптистер қауымдарының бірнеше жыл бойы жасырын түрде әрекет еткені көрсетілген. Аталмыш топтар шағын құрамда (7-12 адам) ұйымдасып, діни жиналыстарын жеке үйлерде өткізген. Құжаттарда олардың мемлекеттік органдарға тіркелуге ниет білдірмегені және басқа христиан ұйымдарымен тұрақты байланыс орнатпағаны атап өтіледі [ҚОМА. Қ. Р-808. Т. 1. І. 23. П. 60]. Сонымен қатар, барлық сектанттық ұйымдар советтік билікке қарсы бағытта бола қойған жоқ, кейбіреулері мемлекетпен ымыраға келуге үміттенді. Мәселен, Қызылорда облысындағы старообрядшылар-беспоповшылар қауымының жетекшісі Н.С. Естефеев Дін істері жөніндегі кеңестің жергілікті өкілі Ж.Б. Боташевпен әңгімесінде былай деген: «Біздің қызметіміз совет өкіметіне қарсы бағытталмаған. Біз әрдайым діндарларға совет өкіметі Құдай тарапынан берілген билік екенін түсіндіруге тырысамыз, сондықтан біз олардан заңдарды қатаң сақтауды талап етеміз» [Иванов, 2025: 133]. Бұл ұстаным діни қауымдардың бір бөлігінің өз қызметін сақтап қалу үшін қоғамдық шарттарға бейімделу стратегиясын таңдағанын аңғартады.

Алайда осындай саяси жүйеге адам көзқарастардың өзіне қарамастан, діни ұйымдардың қызметі, соның ішінде олардың ішкі шаруашылық мәселелері де қатаң мемлекеттік бақылауда қалды. 1976 жылғы есеп бойынша, орыс-православ шіркеуінің жалпы табысының 80 пайыздан астамы шам сатудан түскен. Алайда, 1971-1976 жылдар аралығында шам өндірісі мен жеткізілім көлемі сұраныстан жоғары болып, көп мөлшерде шамдар сатылмай қоймаларда қалып отырған. 1977 жылдың басында шіркеу қоймасында 14 672 дана шамның өткізілмей қалуы мемлекеттік бақылау органдарын шам жеткізілімін қысқарту шараларын қарастыруға итермеледі. Бұл дерек советтік кезеңде тіпті шіркеудің ішкі шаруашылығының да жоспарлы-экономикалық реттеу тетіктеріне тәуелді болғанын көрсетеді [ҚОМА. Қ. Р-808. Т. 1. І. 29. П. 2-3].

1978 жылғы облыстық халық депутаттары кеңесінің атқару комитеті қабылдаған арнайы қаулы бойынша, барлық сот органдарына діни культтерге қатысты заңдық нормаларды қатаң сақтау және осы мәселелер бойынша түсетін материалдарды дереу қарастыру тапсырылған. Сонымен қатар, халық соттары мен төменгі буын атқару комитеттеріне конституцияның діни нормаларын түсіндіру және жергілікті деңгейде бақылау шараларын күшейту міндеттелген. Архивтік мәліметтерге сүйенсек, аталған қаулы мен іс-шаралар бойынша әділет құрылымдары белгілі бір жұмыс жүргізгенімен, бұл бағытта сот өндірісіне 8 ай ішінде бірде-бір материал түспегені тіркелген. Бұл, бір жағынан, совет кезеңінде діни ұйымдардың ашық әрекет ету мүмкіндігінің шектелгенін, екінші жағынан, діни өмірдің жасырын сипат алғанын байқатады [ҚОМА. Қ. Р-808. Т. 1. І. 32. П. 57-58].

1979 жылғы аудандық атқару комитеттерінің құжаттары, Қызылорда облысында советтік діни саясаттың жергілікті деңгейде де қатаң жүзеге асырылғанын нақты айғақтайды. Архивтік материалдардан байқағанымыздай, аудандық советтерге діни рәсімдердің (жаназалар, құран оқу, неке қию, балаға ат қою, діни мерекелер) заңға қайшы орындалуына жол бермеу туралы нақты тапсырмалар берілген. Діни қызметкерлердің жасырын жиналыстар өткізуі, үй жағдайында діни қызмет көрсетуі және тіркелмеген діни әрекеттерімен байланысты жағдайлар билік тарапынан бақылауды қажет ететін құқықтық тәртіп бұзушылықтар ретінде бағаланған. Бірқатар ауылдарда ресми діни ұйымдар болмағанымен, жекелеген дін қызметкерлерінің ықпалының сақталуы аудандық деңгейдегі идеологиялық жұмысты күшейтуге себеп болған [ҚОМА. Қ. Р-808. Т. 1. І. 34. П. 56-57].

1980 жылдың алғашқы тоғыз айында, Қызылордадағы орыс-православ шіркеуінде 200 адам шоқындырылғаны тіркелген. Шоқындырылғандардың басым бөлігі (110 адам) 3 жасқа дейінгі

балалар еді. Бұл діннің ұрпақ арқылы жалғасуын қамтамасыз етуге бағытталған отбасындағы діни дәстүрлердің сақталғанын көрсетеді. Жасөспірімдер мен ересектердің үлесі айтарлықтай аз болған (тиісінше 26 және 5 адам). Бұл советтік кезеңдегі идеологиялық қысым жағдайында саналы түрде дінге келудің шектеулі болғанын аңғартады [ҚОМА. Қ. Р-808. Т. 1. І. 36. П. 40]. Оған қоса, бұл дерек православ қауымының советтік бақылауға қарамастан, демографиялық жолмен табиғи түрде сақталып отырғанын айғақтайды.

Өмір салтына отбасылық бақылау шаралары да енгізілді. Қызылордада діни нанымға берілген отбасы мүшелері елдің ішкі қауіпсіздік қызметі мен мектеп әкімшілігінің ерекше бақылауында болды. Мысалы, дәстүрлі діни отбасылардың балалары мектеп пен пионер ұйымына барған кезде олардың ата-аналарының наным-сенімі туралы сұрау жүргізіп, отбасының «қауіптілігі» туралы анықтама жинайтын. Пионер лагерінде немесе комсомолдың қоғамдық жиынында айдар таққысы келетін жастардың ата-анасының діни сенімі, әдеті жоқ екені міндетті түрде тексерілетін. Бұл құрылымдық бақылау діндар отбасылардың қоғамдық-саяси белсенділігін әлсіретіп, кейбір отбасылардағы балалардың совет идеологиясын қабылдауына тыйым салуға талпынды. Атеистік тәрбие құралдары да жастарға зор ықпал етті, мектептер мен университеттерде діни көзқарастардың дұрыстығына шүбәмен қарауға үйрету, атеистік клубтарды ұйымдастыру сияқты шаралар іске асырылды [ҚОМА. Қ. Р-808. Т. 1. І. 33. П. 74]. Нәтижесінде, 1970-1980 жылдары Қызылорда өңірінде діни ұстанымын ашық жариялаған жастар сирек кездесті, көпшілігі совет идеологиясына бағыну үшін діни іс-әрекеттерден алыстап, отбасылық құндылықтарды ұмытуға мәжбүр болды.

Қорытынды. Қорытындылар болсақ, 1960-1980 жылдар аралығында Қызылорда өңіріндегі исламнан өзге діни ұйымдар советтік идеологияның қатаң бақылауы мен жүйелі атеистік үгітінің ықпалында қалыптасты. Совет билігі дінді қоғамнан ығыстыруды мақсат етіп, діни бірлестіктердің қызметін заңды түрде тіркеу, қадағалау және әкімшілік қысым көрсету арқылы шектеп отырды. 1960 жылы облыста заңды түрде тіркелген үш діни ұйым жұмыс істеген болса, 1965-1966 жылдардағы деректерде жалпы 10 діни бірлестік анықталған, олардың тек төртеуі ғана ресми тіркелген ұйым болған. 1968 жылында да тіркелмеген діни ұйымдардың саны 6 еді. Архив деректері көрсеткендей, Қызылорда облысында ресми тіркелген мұсылман мешіті, православ шіркеуі және иудейлік қауым өз қызметін тек қатаң шектеулер мен бақылау жағдайында ғана жүзеге асырды. Орыс-православ шіркеуінің ғимараттарының жабылуы, протестанттық және басқа да христиандық ағымдардың жасырын жағдайда қызмет етуі, иудей қауымының діни өмірінің отбасылық деңгейге дейін тарылуы дінге қарсы саясаттың тікелей салдары болды.

Сонымен қатар, мектептер мен мәдени-ағартушылық мекемелерде жүргізілген ғылыми атеизмге негізделген тәрбие жастарды діни құндылықтардан алыстатуға бағытталды. Кейбір діни топтарды «сектанттық» құбылыс ретінде бағалап, оларды қоғамдық «қауіпті фактор» ретінде көрсету советтік идеологияның басты тәсілдерінің біріне айналды. 1970-1980 жылдары Қызылорда облысында «секталар» ретінде аталған діни ұйымдар қатарында лютерандар, ЕХБ, Жетінші күн адвентистері, менониттер және басқа да топтар болды. Архив деректері көрсеткеніндей, 1974 жылы Қызылорда және Қазалы қалаларында анықталған ЕХБ қауымы тіркелмеген ұйым ретінде танылып, оның мүшелері қатты қысымға ұшыраған. Осындай көпдеңгейлі қадағалау мен шектеу шаралары нәтижесінде өңірдегі исламнан өзге діни ұйымдар әлсіреп, олардың қоғамдық ықпалы төмендеді. Ал діни өмір көбінесе жасырын, тұрмыстық сипатқа ие болды. Жалпы алғанда, бұл кезең Қызылордадағы діни ұйымдардың табиғи дамуын тежеп, ұрпақаралық діни сабақтастықтың әлсіреуіне, діни сананың қоғамдық кеңістіктен шеттетілуіне әкелді деуге болады.

Дереккөздер

ҚР ОМА – Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві
ҚОМА – Қызылорда облысының мемлекеттік архиві

Әдебиеттер

Артемьев, 2010 – *Артемьев А.И.* Свидетели Иеговы Казахстана и Средней Азии: историко-религиоведческий анализ. Алматы: ТОО «ИД Кочевники», 2010. 365 с.

Алпыспаева, 2025 – *Алпыспаева Г.А.* Сектантские общины в Казахской ССР (1940–1980-е гг.) // Российская Академия наук. 2025. № 1. С. 119–138.

Александрович, 2024 – *Александрович М.М.* Из истории введения гражданской обрядности как стратегии секуляризации советского общества в 1960-е гг. (выписки из докладов участников Всесоюзного совещания

уполномоченных Совета по делам русской православной церкви при Совете Министров СССР, 25-29 июня 1963 г.) // *Теологический вестник Смоленской православной духовной семинарии*. 2024. № 4. С. 199–214.

Айталы, 2020 – *Айталы А.Ә.* Қазақстандағы ХХ ғ. 20-30 жылдарындағы діни ахуал (тарихи-дінтанымдық зерттеу) // *Отан тарихы*. 2020. № 1(89). 108–117-бб.

Бодеев, 2020 – *Бодеев К.* Орталық Қазақстанның діни ұйымдарының тарихы (1941-1991 жж.): философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті. Қарағанды, 2020. 208 б.

Бодеев, Сактаганова, 2018 – *Бодеев К., Сактаганова З.Г.* Кеңес дәуіріндегі діни ұйымдардың құқықтық жағдайы (ХХ ғ. 40-шы жылдары) // *Қарағанды университетінің хабаршысы*. Серия «Тарих. Философия». 2018. № 2 (90). 56–61-бб.

Бургарт, 2012 – *Бургарт Л.А.* Из истории католической веры и церкви в Казахстане: сборник статей (для внутреннего пользования). Усть-Каменогорск: [Б.и.], 2012. 342 с.

Бекмагамбетова және т.б., 2022 – *Бекмагамбетова М. Ж., Бекмагамбетов Р. К., Бимолданова А.А.* Опиум для народа: атеистическое воспитание казахстанцев периода «развитого социализма» // *Отан тарихы*. 2022. № 1(97). С. 170–180.

Джунусбаева, Шамшиденова, Маликов, 2024 – *Джунусбаева А., Шамшиденова Ф.М., Маликов Б.У.* О Религиозной ситуации в Казахстане накануне Великой Отечественной Войны // *Вестник КазНПУ имени Абая*. Серия: Исторические и социально-политические науки. 2024. № 2(81). С. 139–150.

Жолдасұлы, Байжанова, 2022 – *Жолдасұлы Т., Байжанова Г.* Кеңестік Қазақстандағы дінге қарсы үгіт-насихат ұйымының қызметі (1929–1941 жж.) // *Қарағанды университетінің хабаршысы*. Серия «Тарих. Философия». 2022. № 1(105). 55–63-бб.

Иванов, 2025 – *Иванов Е.Г.* Русская православная церковь в Казахской ССР в 1943 – 1991 гг.: церковно-государственные отношения, епархиальное управление, приходская жизнь: Диссертация на соискание ученой степени кандидата богословия. М., 2025. 179 с.

Козлов, 2017 – *Козлов Ф.Н.* Государственно-церковные отношения в 1917 – начале 1940-х гг. в национальных регионах (на примере республик Марий Эл, Мордовии и Чувашии). Москва: Политическая энциклопедия, 2017. 335 с.

Мустафаева, 2012 – *Мустафаева А.А.* Исторический обзор эволюции ислама в советском Казахстане // *Вестник КазНУ. Серия Востоковедения*. 2012. № 3(60). С. 31–35.

Михайлович, 2019 – *Михайлович З.С.* Хрущевская антирелигиозная кампания 1954–1964 гг.: практическая реализация и результаты // *Вестник КГУ. Исторические науки и археология*. 2019. № 1. С. 71–75.

Олещук, 1962 – *Олещук Ф.* Коммунизм және дін // *Ленин жолы*. 1962. №66. 1 сәуір.

Тастанова, 2012 – *Тастанова З.Т.* История религий Казахстана. Учебное пособие. Алматы: Айтұмар, 2012. 120 с.

Шкаровский, 1999 – *Шкаровский М.В.* Русская Православная Церковь при Сталине и Хрущеве. Москва: Граал, 1999. 402 с.

Zhaksylyk, Ershahin, 2024 – *Zhaksylyk Ye.Ye., Ershahin S.* History of religious policy of the Soviet power in South Kazakhstan in the 40-80s of the twentieth century // *Bulletin of the Karaganda university History*. Philosophy series. 2024. № 4. Pp. 32–38.

Rohozinski, 2024 – *Rohozinski J.* Religious Revival and its Limitations in the Postwar Soviet Union: The Case of Northern Kazakhstan // *Studia Religiológica*. 2024. № 1. Pp. 51–71.

Sources

QR OMA – Qazaqstan Respublikasy Ortalyq Memlekettik arhivі [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]

QOMA – Qyzylorda oblysynyñ memlekettik arhivі [State Archive of the Qyzylorda Region]

References

Aitaly, 2020 – *Aitaly A.A.* Qazaqstandagy XX g. 20-30 jyldaryndagy dini ahual (tarihi-dintanymdyq zertteu) [The Religious Situation in Kazakhstan in the 1920s–1930s (A Historical and Religious Studies Analysis)]. *Otan tarihy*. 2020. № 1(89). Pp. 108–117. [in Kazakh]

Aleksandrovich, 2024 – *Aleksandrovich M.M.* Iz istorii vvedenia grajdanskoi obradnosti kak strategii sekularizatsii sovetskogo obsestva v 1960-e gg. (vypiski iz dokladov uchastnikov Vsesoiuznogo sovesania upolnomochennyh Soveta po delam ruskoi pravoslavnoi serkvi pri Sovete Ministrov SSSR, 25-29 iuna 1963 g.) [From the History of the Introduction of Civil Rituals as a Strategy for the Secularization of Soviet Society in the 1960s (Excerpts from the Reports of Participants of the All-Union Conference of Authorized Representatives of the Council for the Affairs of the Russian Orthodox Church under the Council of Ministers of the USSR, June 25–29, 1963)]. *Teologicheski vestnik Smolenskoi pravoslavnoi duhovnoi seminarii*. 2024. № 4. Pp. 199–214. [in Russian]

Alpyspaeva, 2025 – *Alpyspaeva G.A.* Sektantskie obsiny v Kazahskoi SSR (1940–1980-e gg.) [Sectarian Communities in the Kazakh SSR (1940s–1980s)]. *Rosiskaia Akademia nauk*. 2025. № 1. Pp. 119–138. [in Russian]

Artemev, 2010 – *Artemev A.I.* Svideteli Iegovy Kazahstana i Srednei Azii: istoriko-religievvedcheski analiz [Jehovah's Witnesses of Kazakhstan and Central Asia: A Historical and Religious Studies Analysis]. Almaty: TOO "ID Kochevnik", 2010. 365 p. [in Russian]

Bekmagambetova et al., 2022 – Bekmagambetova M. J., Bekmagambetov R. K., Bimoldanova A.A. Opium dla naroda: ateisticheskoe vospitanie kazahstansev perioda «razvitogo sosializma» [“Opium for the People”: Atheistic Education of Kazakhstanis during the Period of “Developed Socialism”]. *Otan tarihy*. 2022. № 1(97). Pp. 170–180. [in Kazakh]

Bodeev, 2020 – *Bodeev Q.* Ortalyq Qazaqstannyn dmi uymdarynyn tarihy (1941–1991 jj.) [The History of Religious Organizations in Central Kazakhstan (1941–1991)]: filosofia doktory (PhD) darejesin alu usin daiyndalghan disertasia: Akademik E. A. Boketov atyndagy Qaragandy universiteti. Qaragandy, 2020. 208 p. [in Kazakh]

Bodeev, Saktaganova, 2018 – *Bodeev Q., Saktaganova Z.G.* Kenes daurindegi dini uymdardyn quqyqtyq jagdaiy (XX g. 40-sy jyldary) [The Legal Status of Religious Organizations during the Soviet Period (the 1940s of the 20th Century)]. *Qaragandy universitetinin habarsysy*. Seria «Tarih. Filosofia». 2018. № 2 (90). Pp. 56–61. [in Kazakh]

Burgart, 2012 – *Burgart L.A.* Iz istorii katolicheskoi very i serkvi v Kazahstane: sbornik statei (dla vnutrenego polzovania) [From the History of the Catholic Faith and the Church in Kazakhstan: A Collection of Articles (for Internal Use)]. Ust-Kamenogorsk: [B.i.], 2012. 342 p. [in Russian]

Ivanov, 2025 – *Ivanov E.G.* Ruskaiia pravoslavnaia serkov v Kazahskoi SSR v 1943 – 1991 gg.: serkovno - gosudarstvennye otnosenia, eparhialnoe upravlenie, prihodskaiia jizn [The Russian Orthodox Church in the Kazakh SSR (1943–1991): Church–State Relations and Parish Life]: Disertasia na soiskanie uchenoï stepeni kandidata bogoslovii. M., 2025. 179 p. [in Russian]

Joldasuly, Baijanova G., 2022 – *Joldasuly T., Baijanova G.* Kenestik Qazaqstandagy dinge qarsy ugıt-nasihat uymynyñ qyzmeti (1929–1941 jj.) [The Activities of Anti-Religious Propaganda Organizations in Soviet Kazakhstan (1929–1941)]. *Qaragandy universitetinin habarsysy*. Seria «Tarih. Filosofia». 2022. № 1(105). Pp. 55–63. [in Kazakh]

Junusbaeva, Samsidenova, Malikov, 2024 – *Junusbaeva A., Samsidenova F.M., Malikov B.U.* O Religioznoi cituasii v Kazahstane nakanue Velikoi Otechestvennoi Voiny [On the Religious Situation in Kazakhstan on the Eve of the Great Patriotic War]. *Vestnik KazNPU imeni Abaia*. Seria: Istoricheskie i sosialno-politicheskie nauki. 2024. №2(81). Pp. 139–150. [in Russian]

Kozlov, 2017 – *Kozlov F.N.* Gosudarstvenno-serkovnye otnosenia v 1917 – nachale 1940-h gg. v nasionalnyh regionah (na primere respublik Mari El, Mordovii i Chuvashii) [State–Church Relations in National Regions from 1917 to the Early 1940s (Based on the Republics of Mari El, Mordovia, and Chuvashia)]. Moskva: Politicheskaiia ensiklopedia, 2017. 335 p. [in Russian]

Mihailovich, 2019 – *Mihailovich Z.S.* Hrusevskaia antireligioznaia kampania 1954–1964 gg.: prakticheskaiia realizasia i rezultaty [The Khrushchev Anti-Religious Campaign of 1954–1964: Practical Implementation and Results]. *Vestnik KGU*. Istoricheskie nauki i arheologija. 2019. № 1. Pp. 71–75. [in Russian]

Mustafaeva, 2012 – *Mustafaeva A.A.* Istoricheski obzor evolusii islama v sovetskom Kazahstane [A Historical Overview of the Evolution of Islam in Soviet Kazakhstan]. *Vestnik KazNU*. Seria Vostokovedenia. 2012. № 3(60). Pp. 31–35. [in Russian]

Olesuk, 1962 – *Olesuk F.* Komunizm jane din [Communism and Religion]. *Lenin joly*. 1962. № 66. 1 sauir. [in Kazakh]

Rohozinski, 2024 – *Rohozinski J.* Religious Revival and its Limitations in the Postwar Soviet Union: The Case of Northern Kazakhstan. *Studia Religiosa*. 2024. № 1. Pp. 51–71.

Skarovski, 1999 – *Skarovski M.V.* Ruskaiia Pravoslavnaia Serkov pri Staline i Hruseve [The Russian Orthodox Church under Stalin and Khrushchev]. Moskva: Graal, 1999. 402 p. [in Russian]

Tastanova, 2012 – *Tastanova Z.T.* Istorija religi Kazahstana. Uchebnoe posobie [The History of Religion in Kazakhstan: A Study Guide]. Almaty: «Aitumar», 2012. 120 p. [in Russian]

Zhaksylyk, Ershahin, 2024 – *Zhaksylyk Ye.Ye., Ershahin S.* History of religious policy of the Soviet power in South Kazakhstan in the 40-80s of the twentieth century. *Bulletin of the Karaganda university History*. Philosophy series. 2024. № 4. Pp. 32–38.

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 1

<i>Касымова Д.Б., Капаева А.Т., Кудайбергеноулы Б.</i> О «ФЕОДАЛЬНО-БАЙСКИХ ПЕРЕЖИТКАХ» В КАЗАХСКОЙ ССР: ДИСКУРС, ПРАВО И ПРАКТИКИ.....	5
<i>Козина В.В., Уалтаева А.С., Баймагамбетова А.А.</i> СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ МОНОГОРОДОВ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	22
<i>Мамраймов С.</i> КЕҢЕСТІК АГРАРЛЫҚ САЯСАТ АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ МЕН БАЙ-ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫ ТӨРКІЛЕУ (1928–1933 жж.).....	40
<i>Turgunbayev I.Ye., Moryakova M.T., Zhanatayeva K.B.</i> VILLAGE INSTITUTES IN TÜRKIYE AS AN INSTRUMENT OF CULTURAL POLICY.....	54
<i>Sissenbayeva A.A., Kalybekova M.Ch.</i> THEORETICAL AND SOURCE BASE FOR THE STUDY OF HISTORY OF KAZAKHSTANI PRISONERS OF WAR IN CONCENTRATION CAMPS ON THE TERRITORY POLAND DURING THE WORLD WAR II.....	66
<i>Жолдасұлы Т., Досым А.Б.</i> ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ИСЛАМНАН ӨЗГЕ ДІНИ ҰЙЫМДАР: СОВЕТТІК КЕЗЕҢ ТӘЖІРИБЕСІ (1960–1980 ЖЖ.).....	77
<i>Zhumatay G., Yskak A.</i> TSARIST RUSSIA’S CIVILIZING MISSION AND POLICY OF CHRISTIANIZATION OF THE KAZAKHS IN THE SECOND HALF OF THE 19 th AND BEGINNING OF THE 20 th CENTURIES.....	91
<i>Zholseitova M.A.</i> SOCIO-POLITICAL TRANSFORMATION OF THE TURKIC-MUSLIM SOCIETY IN THE INTELLECTUAL HERITAGE OF THE ALASH MOVEMENT.....	107
<i>Сабитов Ж.М., Каратаев А.А.</i> О ПРОИСХОЖДЕНИИ И ИСТОРИИ ПЛЕМЕНИ АРГЫН.....	118
<i>Бимақанова З.Ш., Мұқанова Г.Қ., Нұрғалиева Ф.М.</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «КІШІ ҚАЗАН» ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ.....	132
<i>Ахметова Г.М.</i> ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КАЗАХСТАНА В XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКА: ОТЕЧЕСТВЕННАЯ И ЗАРУБЕЖНАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ.....	142

Ермаханова М.А., Абдразақова А.Ө., Айтуар Б.М. АҢЫЗ ЖӘНЕ ШЫНДЫҚ: ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТИҢ ТҮЛҒАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	161
Махамбетова Л.А., Мейрманова Г.А. У.Х. ШӨЛЕКЕНОВТИҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚТАР МЕН ҚАРАҚАЛПАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІ.....	174
Байжанова А.Ә., Шашаев Ә.К., Әділбекова З.Ә. XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	185
Ошан Ж., Кенжеахмет Н., Қадылбек М. «ИМПЕРАТОР ГУАНСЮЙ БИЛГІ ТҰСЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК-БАТЫС ШЕКАРА ДЕЛИМИТАЦИЯЛЫҚ КАРТАСЫНЫҢ ҚЫТАЙША АУДАРМАСЫНДА» КӨРСЕТІЛГЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС ШЕКАРАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХИ ТОПОНИМИКАЛАР.....	199
Zholdas A.K., Amirbek A.A., Kumganbayev Zh. K. THE ROLE OF HISTORY TEACHING IN FORMING THE KAZAKH INTELLIGENTSIA (1918–1927 YEARS).....	210
Саркенова К.А., Әбенова Б.С. БАТЫС СІБІР: ӘКІМШІЛІК-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ БӨЛІНСІ, ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОРНАЛАСУЫ (XVIII Ғ. СОҢЫ – XIX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ).....	219
Mirzakulova R.M., Alpysbayeva N.K. SCHOLARS’ PERSONAL FUNDS IN THE SCIENTIFIC ARCHIVE OF “GYLYM ORDASY” AS A PHENOMENON OF HISTORICAL MEMORY.....	234
Абдукадыров Н.М., Қалдыбаева С.С., Көбесова А.С. ОСМАН МЕМЛЕКЕТІ МЕН ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫ АРАСЫНДА ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ (XIX Ғ. СОҢЫ – XX Ғ. БАСЫ).....	249
Ауанасова К.М., Ауанасова А.М., Бадиев А.М. ВКЛАД СЕРАЛИ ЛАПИНА В ПРАВОВОЙ МОДЕРНИЗМ В ПЕРВЫЕ ГОДЫ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ (НА ОСНОВЕ АНАЛИЗА ЗАПАДНОЙ И РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ).....	266
Akhmetova Zh.K., Abdrazakova A.U. THE KAZAKHSTANI VARIANT OF THE SOVIET NATION-BUILDING PROJECT IN THE CONTEXT OF IMPERIAL LEGACY AND SOCIALIST MODERNIZATION (1920–1940).....	276
Azretbergenova E.Zh., Baigarayev N.A. ISSUES OF CULTURAL POLICY AND NATIONAL IDENTITY IN THE PERIOD BETWEEN THE KAZAKH AUTONOMOUS SOVIET SOCIALIST REPUBLIC AND THE KAZAKH SOVIET SOCIALIST REPUBLIC.....	288

Дюсенова Н.К. ТҮРІК ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ.....	303
Есенаманова А.С., Қалыш А.Б., Исаева А.И. ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КІЛЕМ ТОҚУ ДӘСТҮРІН ЗЕРТТЕУ ТАРИХНАМАСЫ: ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МУЗЕЙЛІК ТҮРҒЫДАН ШОЛУ.....	312
Сарсенбаев А.Б., Оспанов Е.Б. ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....	325
Турекеев К.Ж. НАРЕЧЕНИЕ ИМЕНИ У КАРАКАЛПАКОВ НАВОЙСКОЙ И САМАРКАНДСКОЙ ОБЛАСТЕЙ: ТРАДИЦИИ И СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ.....	333
Шамшетдинова Д.И. УСПЕХИ И НЕДОСТАТКИ РАЗВИТИЯ СФЕРЫ БЫТОВОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ КАРАКАЛПАКСТАНА В 1960–80-Е ГГ.....	343
Мұхатова О.Х., Қаипбаева А.Т., Саипова К.Д. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАНАСЫЗ БАЛАЛАР ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	353
Қабдолдина К.Қ., Құндақбаева Ж.Б. ДІНИ ПАРЫЗ БЕН ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПТЕР АРАСЫНДА: ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗЫЛЫҚҚА САНИТАРЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ.....	367
Қалишабаев А.Ж., Елеуов М.Е. Т.Н. СЕНИГОВА: БАТЫС ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭКСПЕДИЦИЯЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ (1950–1970 ЖЫЛДАР).....	378
Кенжебаев Ф.Қ. Сайфулмаликова С.С. БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ: ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫНА ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	387
Темирханова А.С., Альбина Абеновна Максүтова А.М., Исакаева А.М. ҚАСЫМ ЕРТІСБАЕВ ТҮЛҒАСЫ ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ДІНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР КОНТЕКСІНДЕ.....	400
Мухамадеева И.А., Кенжебек Д.К., Жаксыбаева А.А. ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА «КАЗАХ» (1913–1918 ГГ.) КАК ОДИН ИЗ ИСТОЧНИКОВ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ.....	410

Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru
